

Әдеби орта:

1970-жылдар



ҒАБЕҢ ҒИБРАТТАРЫ

04.11.74

Тәкен Әлімқұловтың жазғандарын ыждағатпен оқып жүремін. Өнер адамдары туралы соңғы жылдары жазғандары сәтті-ақ. Былайша айтқанда, Төкен өзіндік құлақ-күйін тапқандай. Бұл - жалпы қазақтың әдеби өміріндегі соны леп. Өнер адамдарының өмірін көркем әңгіме, новелла түрінде жазу ерекше пайдалы. Өнер болмысы, өнерлі адамдар өмірі үлгілі, ұлағатты сәттерге толы. Көркем новелла, әңгімелер - рухани мәдениетті насихаттаудың ұрымтал, көпшіл түрі. Бұл орайда, әдетте, ғылыми еңбектер мен қара мақалалар көркем дүниемен өрелесе алмайды. Ал Тәкен көтерілген биіктер сүйсінтеді. Алдымен шұрайлы тіл, сонсоң өнер адамының өмірінен ең бір мәнді сәттерді екшей білетіні, бай сезіммен беріле жазатыны мойындатады.

* * *

«Аққыз» атты шағын повесть бітірдім. Негізгі арқау - дала заңы, қыр хикаясы, көшпелілердің кісілік қалыбы, адамның азатшыл рухы...

15.06.75

Газет дерегі: адамзат баласы тарихында дүниеге келген зат байлығының (кең ұғымда, шақпақтан бастап, алып заводтарға дейін) 90 пай-

ызы (проценті) 1920 жылдан кейінгі уақыттың еншісіне тиесілі екен.

21.06.75

Э. Хемингуэй «Шал мен теңізді» жазу арқылы әлсіз ғана адам мен шексіз құдіретке ие табиғатты көрсетті. Осыдан кейін небәрі ширек ғасыр өткенде Тур Хейердал «Жадау теңіз» («Уязвимое море») атты кітабында құрып бара жатқан дәрменсіз теңіз бен құдіреті күшті адамды жазды. Мұнда адам табиғатты табындырушы ғана емес, сонымен бірге тұншықтырушы да болып көрінеді.

Осының екеуі де шындық. Және XX ғасырдың даму қарқынына, қалай дамып бара жатқанына айғақ болар шындық.

Жетпіс алтыншы жыл

13.03.76

М. деген ақын: «Жолыңда патшаның тағы тұрса, одан әрірек шын құлай берілген ғашығың көрінсе... Онда патшаның тағын бір теуіп құлатып, әрі қарай ғашығыңа өтіп кете бер. Бұл бір өкініші жоқ, өкіндірмес ісің болатыны анық» деген ойын әдемі өлеңге айналдырыпты.

23.05.76

«Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы Сапар Байжановпен те-

лефон арқылы жалғастым. Қызметке шақырады.

Тәуекел!

22.06.76

Айдың жүзі болып қалды, астанадағы жаңа жұмыс әуеніне үйрене бастағандаймын.

Бүгін Әбдіжәміл Нұрпейісовке ауруханада жолықтым. «Социалистік Қазақстан» газетінің екі нөміріне «Көкшетаудың қос жүйрігі» деген очеркі шығып жатыр еді. Соның гранкесін оқытып алып қайттым. Жазғанына аса жауапты қарайды екен. Бар дүниені ұмытқандай, шұқшиып отырып оқып шықты. Ойланып отырып, бірер сөзін түзетті.

Әңгіме арасында: «Бір жерің ұнамайды. Ол — Акселеу деген есімің. Маған Сәбең марқұм - Сәбит Мұқанов айтушы еді: «Сен не Әбдіні ал немесе Жәмілді ал, сонда айтуы қиын болмайды, - деп. Сондай-ақ, сен есіміңді өзгерт. Әсіресе орыс тілінде «у» деп аяқталатын сөздерді айту қиын», — деді.

Тағы да сөз арасында Әбіш Кекілбаевқа Әбілқайыр хан туралы кесек дүние жаз деп ақыл бергенін, ол қазір бұл ақылға құлақ асып жүргенін айтты.

Егіске байланысты академик Бараев сөз болды. «Ғылым мен тәжірибе егіз, ғылымның өзі ұзақ бақылаудан, тынымсыз терген тәжірибеден туындайды», — деді.

Әбекең салқын қоштасты. Есіктен шығар алдында маған: «Жазғандарыңды әкел, оқиын», — деді. Мен бас изедім. Іштей ағамыздың тақымына толмадым-ау деген сезіммен шықтым.

26.07.76

Ақтоқтының аужары

*Қорқамын шымылдықтың
құруынан,
Бір жаман жеңін сұғып
тұруынан.*

*Дүниеде қыздан сорлы
жан бар ма екен,
Айырылып кете барар руынан.*

*Қоскөлде құсым салып
қиялайын,
Қолымда көк қаршығам,
биялайым.*

*Атамыз атасынан кем болып па,
Несіне айтар сөзден ұялайын?*

*Қоскөлдің шөп шабушы ем
қияғынан,
Шошимын бір жаманның
сияғынан.*

*Жұртым-ау, мен риза
болсын десең,
Құтқаршы сол жаманның
тұяғынан.*

*Ах-оу, ах-оу арман,
айхай, жалған, дүнием-ай!*

Ақтоқты ұзатыларда Ақан сері шығарып берген аужар екен. Әні мұңды, зарлы, қоңыр әуен. Қоскөл маңындағы бір қарттан үйренген осы әнді Жәнібек Кәрменовке үйреттім.

Шашылған көп асылымыздың бірі өз кетігін тапты.

16.08.76

Бүгін Жайсаңбек Молдағалиев, Кеңшілік Мырзабеков үшеуміз Ғабит Мүсіреповке барып қайттық. Тауда, «Казпотребсоюздың» демалыс үйінің жанында, саяжайы бар екен. Ғабеннің сонда демалып жатқанын және бүгін кісі қабылдайтын күні екенін біліп алғанбыз.

Мақсатымыз — биылғы үлкен ораққа байланысты «Дән туралы толғау» деген тақырыппен үш Социалистік Еңбек Ерінің сөзін «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде ұйымдастыруымыз керек. Тапсырма солай.

Ғабең қалам қылтыңдатып, қағаз көрсетсең бәлеге қаласың деп бір білгіштер құлағымызға күйған. Ол түгілі интервью алуға келдік деп ресми емеурін білдірсеңдер де қияс мінез көрсетіп, ашылмай қоюы мүмкін деген. Содан, біз әрі ойлап, бері ойлап, Жайсаңбекті алдыға салдық та, сәлем берген болып келдік қой.

Ғабең ауладағы ағаш саясына орнатылған сәкі ағашта отыр екен. Жанында кіші қызы Райхан және бір уылжыған жас қыз отыр. Кейін білдік, бұл жас қыз Ғабеңнің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі бойынша түсірілетін кинода басты рөлде ойнау үшін ауылдан арнайы келіп жатыр екен.

Ғабең сергек көңілді қалыпта өзі әңгіме бастап отырды. Мұнысына іштей қуанып, біз де көңіл жайлай бастадық. Әңгіме арқауы қазіргі үлкен орақтан көп ауытқыған жоқ. Жуырда елдегі інісі қайтқан екен. Көбінесе астықты алқаптан көргендерін айтып отырды.

- Осы бір түп бидайды сабағымен жұлып алсаңыз, қолыңызда он екі өрім дырау тұрғандай болады, - деп түрүлі білегін салмақтап қойды.

Ғабең бүгінгі егін проблемалары туралы, егуге, орауға, тасуға қатысты әлі де жүйесін таппай жүрген орашалақтықтарды қынжыла сөз етіп отырды. Өз ауылынан 150-дей жоғары білімді маман шыққанын, олардың бірде-бірі ауылға қайтып оралмағанын айта отырып, сол

ауылда биыл он қыз-келіншектің механизатор болғанын жаңағы 150 жігіттің ауылдан кетіп қалуынан дегендей емеурін танытты. Қыз-келіншектің механизатор болуын Ғабең жаратпайды екен.

— Қыз-келіншектің Құдай маңдайына жазған басқа міндеті болуға керек, - деді.

Райхан шайға шақырды. Саяжайдың кіреберіс сенегіне дастархан жасалған екен. Ғабең төрге отырды. Оң жағына Жайсаңбек, одан төмен мен отырдым. Ал Ғабеңнің сол жағындағы орындыққа Кеңшілік отырайын деп жатыр еді:

— Жоқ, болмайды, бұл — менің қонақ қызымның орны, — деп орындықтың арқасын аялай сипап қойды.

Шай үстінде құйылған коньякты алдымен қонақ қызының денсаулығы үшін, сонсоң Жайсаңбек үшін көтерді.

Коньяктан екінші рет өз қолымен құйған Ғабең тосты мен үшін көтерді. Осыдан екі жыл бұрын хат арқылы Ғабеңнің бір өтінішін орындағанмын. Ұмытпапты, соны есіне алды. «Оянған өлкенің» екінші кітабына қатысты Қарағанды топырағын басқан алғашқы машина туралы мәлімет сұраған соң, сол өңірдегі көзкөргендер аузынан естігенімді жазып жіберген едім.

Коньякқа үшінші рет қол созғанда:

— Ладно, бог любит троицу, — деді. Дәмнен соң сыртқа шықтық. Сонсоң кешікпей қайтуға ұрықсат сұрадық. Кетерде күнұзынғы әңгімесін газетке жазатынымызды айттық.

— Жарайды, - деді Ғабең дауысын мақамдай созып.

**АХАҢНЫҢ
КҮНДЕЛІКТЕРІНЕН.**